

## Алматы агломерациясын дамытудың 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 1226 қаулысы

Алматы агломерациясын әлеуметтік-экономикалық дамытуды жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Алматы агломерациясын дамытудың 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар, Алматы қаласының, Алматы облысының әкімдіктері және мүдделі ұйымдар (келісу бойынша) Кешенді жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жылдың қорытындысы бойынша 25 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне олардың іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі жылдың қорытындысы бойынша 15 ақпаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Кешенді жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2023 жылғы 28 желтоқсандағы  
№ 1226 қаулысымен  
бекітілген

## Алматы агломерациясын дамытудың 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспары

### Ағымдағы жағдай

"Агломерациялардың тізбесі мен құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 19 маусымдағы № 486 қаулысына сәйкес Алматы агломерациясы құрамына 3 қала, 4 аудан, 31 ауылдық округ/аудандық маңызы бар қала, 98 елді мекен кіретін бірінші деңгейдегі агломерация болып табылады. Алматы қаласы өзегі болып табылатын Алматы агломерациясын дамытудың қолданыстағы схемасына Қонаев, Gate City (Гейт сити) қалалары, Еңбекшіқазақ (Есік қаласы және Рахат ауылдық округі), Іле (Ащыбұлақ, Байсерке, Казцик, Қараой, Междуреченск, Боралдай, Чапаев, Энергетический ауылдық округтері), Қарасай (Қаскелең қаласы,

Әйтей, Елтай, Жамбыл, Жандосов, Іргелі, Жібек Жолы, Райымбек, Ұмтыл округтері), Талғар (Талғар қаласы, Алатау, Белбұлақ, Бесағаш, Бесқайнар, Гүлдәла, Қайнар, Кеңдала, Панфилов, Тұздыбастау округтері) аудандары кіреді.

Агломерация аумағы 939,5 мың гектардан асады, 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша халық саны – 3357,1 мың адамды құрайды (Алматы қаласының халқы – 2161,7 мың адам, қала маңы аймағының халқы – 1195,4 мың адам).

Агломерация аумағы өзінің өңірлік даму жоспарлары мен мемлекеттік жоспарлаудың басқа да бағдарламалары бар Алматы қаласын және Алматы облысын қамтитынын ескерген жөн.

2022 жылы Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы 12 қыркүйектегі № 157 қаулысымен Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалары бекітілді, ол агломерациямен неғұрлым тиімді байланыстағы үйлесімді мегаполисті, қала тұрғындары мен қонақтарының өмір сүруі, жұмыс істеуі және бос уақыты үшін тартымды және жайлы орынды қалыптастыру үшін әлем қалаларының тәжірибесі мен практикасын ескере отырып, Алматының даму бағытын белгілейді. Сонымен қатар Даму бағдарламасы қала тұрғындарының, қоғамдық топтар мен қауымдастықтардың өміріне әсер ету призмасы арқылы бастамаларды бағалаумен, сондай-ақ қала тұрғындарын қаланы басқару процестеріне белсенді тартуға бағытталған адамға бағдарланған қағидатты ұстанудың негіз қалаушы тәсілі мен ұмтылысын көрсетеді.

2021 жылы Алматы облысы мәслихатының 2021 жылғы 14 желтоқсандағы № 12-60 шешімімен Алматы облысының 2021 – 2025 жылдарға арналған дамыту жоспары қабылданды, ол азаматтардың әл-ауқатын арттыруға, тұруға қолайлы және қауіпсіз орта құруға, сондай-ақ өңір экономикасын дамытуға бағытталған. Бұдан басқа, Алматы облысында "AMANAT" партиясының облысты дамытуға бағытталған 2023 – 2027 жылдарға арналған "Халықпен бірге!" сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша жол картасы қабылданды.

Сондай-ақ ағымдағы Кешенді жоспармен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 6 желтоқсандағы № 1087 қаулысымен Алматы агломерациясы аумағына кіретін Алматы облысының Қонаев қаласын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілгенін атап өту маңызды. Дегенмен, қайталануды болдырмау үшін Қонаев қаласын дамытудың кешенді жоспарының іс-шаралары осы құжатқа енгізілмеген.

Алматы агломерациясының құрамына кіретін аумақтық бірліктердің ағымдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы

## **Алматы қаласы**

Алматы қаласының (бұдан әрі – қала) аумағы 683,5 мың гектарды құрайды және 8 ауданды қамтиды. 2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша қаланың халық саны 2,2 миллион адамды құрады.

Әлеуметтік статистика: жұмыссыздық деңгейі 4,8 %-ды құрады, 2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша жұмыссыздар саны – 52,6 мың адам. 2023 жылғы қазанның соңында жұмыспен қамту органдарында 25946 адам немесе 2,4 % жұмыссыз ретінде есепте тұр. 2023 жылғы қаңтар-қыркүйектегі орташа айлық жалақы 409 мың теңгені құрады.

Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2023 жылғы қаңтар-қазанда 1,7 триллион теңгені (2022 жылғы қаңтар-қазан – 1,4 триллион теңге), өнеркәсіптік өндірістің нақты көлем индексі (бұдан әрі – НКИ) 2023 жылғы қаңтар-қазанда – 118,9 %-ды (2022 жылғы қаңтар-қазан – 109,2 %) құрады.

2023 жылғы қаңтар-қазан кезеңінде қаланың өнеркәсіптік өндірісінің құрылымы келесідей қалыптасты: өңдеу өнеркәсібі – 86,5 %, электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және қалыпқа келтірілген ауамен жабдықтау – 11,7 %, қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою жөніндегі қызмет – 1,7 %.

Өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 18,6 %-ға ұлғайып, 1419,3 миллиард теңгені құрады, электрмен жабдықтау, газ беру және ауа баптау секторында 23,6 %-ға ұлғайды және 192,4 миллиард теңгені құрады, сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтарды жинау мен бөлуді бақылау – 3,9 %-ға және 28,2 миллиард теңгені құрады.

2023 жылғы қаңтар-қазан айларында өңдеу өнеркәсібінің негізгі секторлары мынадай қызмет түрлері болды: машина жасау – 39,8 % немесе 652 миллиард теңге (2022 жылғы қазан айының соңында – 35,4 % немесе 489 миллиард теңге), тамақ өнімдерін өндіру – 16,1 % немесе 263,5 миллиард теңге (2022 жылғы қазан айының соңында – 18 % немесе 249 миллиард теңге), металлургия өндірісі – 6,1 % немесе 99,9 миллиард теңге (2022 жылдың қазан айының соңында – 7,7 % немесе 106,6 миллиард теңге), бұл ретте ең аз дамыған сала темекі өнімдерін өндіру болып табылады – 0,1 %-дан аз немесе 86,8 миллион теңге.

2023 жылғы қаңтар-қазанда негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 1,2 триллион теңгені құрады (2022 жылғы қаңтар-қазан – 1,1 триллион теңге).

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2023 жылғы қаңтар-қазанда 5,3 миллиард теңгені құрады, бұл 2022 жылғы қаңтар-қазанға қарағанда 6,2 %-ға аз.

Алматы қаласы бойынша электр желілерінің ұзындығы 8,6 мың километрді құрайды, (тозуы – 65 % немесе 5,6 мың километр).

Алматы ЖЭО-2 – белгіленген электр қуаты 510 МВт, жылу қуаты – 1 411 Гкал/сағ электр және жылу энергиясын біріктірілген өндіру бойынша Қазақстандағы ең ірі жылу станциясы. ЖЭО-2 "Алматы электр станциялары" АҚ-ға тиесілі.

Кәсіпкерлік және бизнес: 2023 жылғы қыркүйектің соңында жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес (бұдан әрі – ШОБ) субъектілерінің саны 23,7 %-ға артып, 343473 бірлікті құрады. Іскерлік белсенділік индексі 48,4 %-ды құрайды. Тауарларды өткізу көлемі 17 триллион теңгені құрады.

Көлік және жолаушылар тасымалы: 2023 жылғы қаңтар-қазанда 371,9 миллион жолаушы тасымалданды, оның ішінде 910,1 мың жолаушы теміржол көлігімен, 367,2 миллионы автомобиль және қалалық электр көлігімен тасымалданды.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық: 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте құрылыс жұмыстарының көлемі 451 миллиард теңгені құрады, оның ішінде 1860,1 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Ағымдағы жылы 213 километр желі салынды және жаңғыртылды, оның ішінде су құбыры – 117 километр, кәріз – 96 километр, сондай-ақ 13 кәріз сорғы станциясы. Сумен жабдықтау бойынша тозу 54,3 %-ға дейін (2022 жылы – 55,7 %), су бұру 57 %-ға дейін (2022 жылы – 57,8 %) төмендеді.

Ұзындығы 120 километр болатын 6 кВ-дан 10 кВ-ға кабельді электр желілері ауыстырылды. Алмагүл қосалқы станциясының құрылысы аяқталды, бұл Алматының оңтүстік бөлігінде 200 мың халықты қамти отырып, электр қуатының өсуін – 100 МВт қамтамасыз етті. Алматының бірқатар аудандарында 223 километр электр желілері қайта жаңартылды.

Бүгінгі таңда ұзындығы 9,1 километр жылу желілерін реконструкциялау және ұзындығы 8,6 километр жылу желілерін ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, ағымдағы жылы сенімді жылумен жабдықтау және жаңа абоненттерді қосу үшін "Южная" қазандығын реконструкциялау және қуаты 155 Гкал/сағ (Оңтүстік 55 Гкал/сағ, Премьера 100 Гкал/сағ) ұлғайта отырып, "Премьера" қазандығын кеңейту жұмыстары аяқталды, тұтынушыларды қамту 300 мыңнан асты, 17,7 километр жылу желілерін реконструкциялау және жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Білім беру: 2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша білім беру жүйесінде 950 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. Мектепке дейінгі білім берумен барлығы 80561 бала қамтылған. Қазіргі уақытта балаларды сапалы мектепке дейінгі тәрбиені және оқытумен қамту 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 78 %-ын, 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 95 %-ын құрайды. Сондай-ақ ағымдағы жылы 332 орта білім беру ұйымдары жұмыс істейді, орта білім беру мекемелерінде 328098 оқушы. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының саны 85-ті құрады, оның ішінде 23 мемлекеттік және 62 жеке, білім алушылардың жалпы саны 84613 адамды құрады.

Денсаулық сақтау: қала тұрғындарына медициналық көмекті Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына ведомстволық бағынысты 76 медициналық ұйым, 13 республикалық және 77 жеке ұйым көрсетеді. 2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көмек көрсететін дәрігерлер саны әртүрлі мамандықтар бойынша 8673 адамды құрады. Осылайша, қамтамасыз ету көрсеткіші 10 мың тұрғынға шаққанда 39,3-ті құрады.

## **Қонаев қаласы**

Қаланың аумағы 370 мың гектарды құрайды және оған 1 қала, 2 ауылдық округ, 12 елді мекен кіреді. 2023 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша халық саны 71,2 мың адамды немесе облыс халқының 4,7 %-ын құрады (Алматы облысы – 1522,2 мың адам), 2023 жылдың басымен салыстырғанда (70,5 мың адам) 706 адамға артты.

Әлеуметтік статистика: 2023 жылы жұмыссыздықтың жалпы деңгейі 4,8 %-ды құрайды, бұл ретте қаңтар-қыркүйектегі кезеңде жаңа 2501 жұмыс орны құрылды, бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңінен 2,1 есе көп. 2023 жылғы қаңтар-қыркүйектегі орташа айлық жалақы 301,7 мың теңгені құрады.

Өнеркәсіп: 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте өнеркәсіп өндірісінің көлемі 105,3 миллиард теңгені құрады. 2022 жылдың сәйкес кезеңінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 101,3 миллиард теңгені құрады. 2023 жылы негізгі капиталға инвестициялар көлемін 105 миллиард теңгеге дейін ұлғайту жоспарланған болатын, алайда қаңтар-қыркүйек айлары аралығында бұл деңгей 37,8 миллиард теңгені құрады. 2022 жылдың сәйкес кезеңінде көрсеткіш 41,1 миллиард теңге деңгейіне жетті.

Ауыл шаруашылығы: 2023 жылғы қаңтар-қазанда ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 14,2 миллиард теңгені, ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің НКИ 100,3 %-ды құрады. 321 мың тонна ет немесе 2022 жылдың тиісті кезеңіне 108,9 %, сүт – 6,2 мың тонна (104,4 %), жұмыртқа – 2,9 миллион дана (102 %) өндірілді. Ірі қара мал басы 57,2 %-ға артты және 15,5 мың басты құрады, жылқы – 7,5 %-ға (4,1 мың бас), құс – 0,6 %-ға (31,2 мың бас) артты, қой мен ешкі басы 4,8 %-ға (64,2 мың бас) азайды.

Кәсіпкерлік және бизнес: 2023 жылдың қыркүйек айының соңында жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны 13,2 %-ға артып, 6429 бірлікті құрады. Өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтер көлемі 33,2 %-ға ұлғайып, 201,9 миллиард теңгені құрады, бұл ретте бюджетке төленетін төлемдер 84,9 миллиард теңгені құрады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық: 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте құрылыс жұмыстарының көлемі 15,7 миллиард теңгені (2022 жылғы қаңтар-қыркүйек – 7,7 миллиард теңге) құрады, оның ішінде 22,8 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді (2022 жылғы қаңтар-қыркүйек – 24,7 мың шаршы метр тұрғын үй).

Білім беру: 2023 жылы қаланың білім беру жүйесін қаржыландыруға 10,7 миллиард теңге бөлінді. 2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 20 балабақша мен 3 шағын орталық жұмыс істейді, барлығы 3372 бала мектепке дейінгі біліммен қамтылған. Мектепке дейінгі білім берумен 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қамту – 98,3 %.

Сондай-ақ ағымдағы жылы 16 мектеп жұмыс істейді, орта білім беру мекемелерінде 13251 оқушы. Компьютерлік техникамен қамтамасыз ету орта есеппен 1 компьютерге 5,3 оқушыны құрайды (облыс бойынша 1 компьютерге 5 оқушы).

Денсаулық сақтау: қала тұрғындарына медициналық көмекті 8 медициналық мекеме, оның ішінде – 1 қалалық аурухана, 3 дәрігерлік амбулатория, 4 фельдшерлік-акушерлік және медициналық пункт көрсетеді. 2023 жылғы қыркүйектегі жағдай бойынша ауруханаларда жұмыс істейтін дәрігерлердің саны 177 адамды құрады. 10000 тұрғынға шаққанда дәрігерлермен қамтамасыз ету 24,98 адамды құрайды.

Қоғамдық қауіпсіздік: 2023 жылдың 9 айында 458 қылмыс тіркелді, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 9,3 %-ға өсті. Жол-көлік оқиғаларының саны – 79 (2022 жылы – 58), 17 адам қаза тапты (2022 жылы – 15 адам), 112 адам жараланды (2022 жылы – 66 адам). Қылмыстарды ашу деңгейі өсті және 80,7 %-ды құрады (2022 жылы – 80,1 %).

### **Еңбекшіқазақ ауданы**

Аудан аумағы 830 мың гектарды құрайды және оған 1 қала, 25 ауылдық округ, 79 елді мекен кіреді. 2023 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша халық саны 284,9 мың адамды немесе облыс халқының 18,7 %-ын құрады (Алматы облысы – 1522,2 мың адам), 2023 жылдың басымен салыстырғанда 677 адамға (284,2 мың адам) артты. Әкімшілік орталығы – Есік қаласы, халық саны 2023 жылдың басындағы жағдай бойынша 32995 адамды құрады.

Әлеуметтік статистика: 2023 жылы жұмыссыздықтың жалпы деңгейі 4,6 %-ды құрайды. 2023 жылғы қыркүйектегі жағдай бойынша орташа айлық жалақы 304,9 мың теңгені құрады.

Өнеркәсіп: 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте өнеркәсіп өндірісінің көлемі 64,9 миллиард теңгені құрады. 2022 жылдың сәйкес кезеңінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 58,5 миллиард теңгені құрады. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 62 миллиард теңгені құрады.

Ауыл шаруашылығы: 2023 жылғы қаңтар-қазанда ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 149,4 миллиард теңгені құрады, ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің НКИ – 100 %. Есепті кезеңде 30,7 мың тонна ет немесе 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 105,4 %, сүт – 139 мың тонна (103,7 %), жұмыртқа – 16,5 миллион дана (101,7 %) өндірілді. Ірі қара мал басы 9,7 %-ға (97,7 мың бас), қой мен ешкі – 8,9 %-ға (310,1 мың бас), жылқы – 5,2 %-ға (27,1 мың бас), құс – 4,4 есе өсті (3 562,2 мың бас).

Білім беру: 2023 жылы ауданның білім беру жүйесін қаржыландыруға 49,4 миллиард теңге бөлінді. 2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 179 балабақша мен 8 шағын орталық жұмыс істейді, барлығы 17865 бала мектепке дейінгі біліммен

қамтылған. 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту – 95 %. Компьютерлік техникамен қамтамасыз ету орта есеппен – 1 компьютерге 4,8 оқушы (облыс бойынша 1 компьютерге 5 оқушы).

Денсаулық сақтау: аудан тұрғындарына медициналық көмекті 70 медициналық мекеме көрсетеді, оның ішінде 1 ауданаралық көпсалалы аурухана, 1 аудандық аурухана, 41 дәрігерлік амбулатория, 3 алғашқы медициналық-санитариялық көмек орталығы, 24 фельдшерлік-акушерлік және медициналық пункт.

Қоғамдық қауіпсіздік: 2 %-ға өсіммен 1108 қылмыс тіркелді. Жол-көлік оқиғаларының саны – 119 (2022 жылы – 191), онда 45 адам қаза тапты (2022 жылы – 47 адам), 153 адам жараланды (2022 жылы – 298 адам). Қылмыстарды ашу деңгейі төмендеп, 71,7 %-ды құрады (2022 жылы – 73,2 %).

## **Іле ауданы**

Аудан аумағы 770 мың гектарды құрайды және оған 10 ауылдық округ, 30 елді мекен кіреді. 2023 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша халық саны 270,7 мың адамды немесе облыс халқының 17,8 %-ын құрады (Алматы облысы – 1522,2 мың адам), 2023 жылдың басымен салыстырғанда (266,7 мың адам) 3995 адамға артты. Әкімшілік орталығы – Өтеген батыр ауылы, 2023 жылдың басындағы жағдай бойынша халық саны 20621 адамды құрады.

Әлеуметтік статистика: 2023 жылы жұмыссыздықтың жалпы деңгейі 4,3 %-ды құрайды, бұл ретте қаңтар-қыркүйектегі кезеңде 9406 жаңа жұмыс орны құрылды. 2023 жылғы қаңтар-қыркүйектегі орташа айлық жалақы 346 мың теңгені құрады.

Өнеркәсіп: 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте өнеркәсіп өндірісінің көлемі 536,6 миллиард теңгені құрады. Өткен жылдың сәйкес кезеңінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 461,1 миллиард теңгені құрады. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемін 190,4 миллиард теңгеге дейін ұлғайту жоспарланған болатын, алайда қаңтардан қыркүйекке дейінгі кезеңде деңгей 110,3 миллиард теңгені құрады.

Ауыл шаруашылығы: 2023 жылғы қаңтар – қазан айларында ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 116,4 миллиард теңгені құрады (НКИ – 97,9 %). Есепті кезеңде 67,1 мың тонна ет немесе 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 97,7 %, сүт – 62,1 мың тонна (103,3 %), жұмыртқа – 183,5 миллион дана (127,8 %) өндірілді. Ірі қара мал басы 7,8 %-ға (52,7 мың бас), жылқы – 2,2 %-ға (10,6 мың бас), құс – 9,5 %-ға (3,8 миллион бас) азайды. Қой мен ешкі саны 5 %-ға өсті (208,8 мың бас).

Кәсіпкерлік және бизнес: 2023 жылдың қыркүйек айының соңында жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны 32,7 %-ға артып, 21884 бірлікті құрады. Өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтер көлемі 48,2 %-ға ұлғайып, 178,4 миллиард теңгені құрады, бұл ретте бюджетке төленетін төлемдер 44,3 миллиард теңгені құрады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық: 2023 жылдың 9 айында құрылыс жұмыстарының көлемі 47,1 миллиард теңгені құрады, оның ішінде 153,5 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Білім беру: 2023 жылы ауданның білім беру жүйесін қаржыландыруға 54,1 миллиард теңге бөлінді. 2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 278 балабақша мен 3 шағын орталық жұмыс істейді, барлығы 25395 бала мектепке дейінгі біліммен қамтылған. 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту – 84 %. Компьютерлік техникамен қамтамасыз ету орта есеппен 1 компьютерге 6,4 оқушыны құрайды (облыс бойынша 1 компьютерге 5 оқушы).

Денсаулық сақтау: аудан тұрғындарына медициналық көмекті 34 медициналық ұйым: 4 облыстық аурухана, 1 аудандық орталық аурухана, 1 аудандық және 2 ауылдық аурухана, 15 дәрігерлік амбулатория, 10 фельдшерлік-акушерлік және медициналық пункт және 1 басқа ұйым көрсетеді.

Қоғамдық қауіпсіздік: 1334 қылмыс тіркелді, 8,4 %-ға төмендеді. Жол-көлік оқиғаларының саны – 175 (2022 жылы – 150), онда 25 адам қаза тапты (2022 жылы – 31), 196 адам жараланды (2022 жылы – 175 адам). Қылмыстарды ашу деңгейі төмендеп, 50,8 %-ды құрады (2022 жылы – 54 %).

## **Қарасай ауданы**

Аудан аумағы 200 мың гектарды құрайды және оған 1 қала, 10 ауылдық округ, 47 елді мекен кіреді. 2023 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша халық саны 334,1 мың адамды немесе облыс халқының 21,9 %-ын құрады (Алматы облысы – 1522,2 мың адам), 2023 жылдың басымен салыстырғанда 7487 адамға (326,6 мың адам) артты. Әкімшілік орталығы – Қаскелең қаласы, 2023 жылдың басында халық саны 64416 адамды құрады.

Әлеуметтік статистика: 2023 жылы жұмыссыздықтың жалпы деңгейі 4,6 %-ды құрайды, бұл ретте қаңтар-қыркүйектегі кезеңде жаңа 9215 жұмыс орны құрылды, бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,6 есе көп. 2023 жылғы қаңтар-қыркүйектегі орташа айлық жалақы 343,9 мың теңгені құрады.

Өнеркәсіп: 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте өнеркәсіп өндірісінің көлемі 445,7 миллиард теңгені құрады. Өткен жылдың сәйкес кезеңінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 390,3 миллиард теңгені құрады. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемін 185,5 миллиард теңгеге дейін ұлғайту жоспарланған болатын, алайда қаңтардан қыркүйекке дейінгі кезеңде деңгей 100 миллиард теңгені құрады.

Ауыл шаруашылығы: 2023 жылғы қаңтар – қазан айларында ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 70 миллиард теңгені құрады (НКИ – 98,1 %). Есепті кезеңде 26 мың тонна ет немесе 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 117,3 %, сүт – 74,9 мың тонна (95,3 %), жұмыртқа – 125,7 млн дана (81,8 %) өндірілді. Құс басы – 3,5 %-ға артып, 2060,3 мың басты құрады, қой мен ешкі – 5,8 %-ға артты (66,7 мың



бас), ірі қара мал басы – 9,3 %-ға (43,8 мың бас), жылқы – 5,5 %-ға (16,5 мың бас) төмендеді.

Кәсіпкерлік және бизнес: 2023 жылдың қыркүйек айының соңында жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны 30 %-ға артып, 31185 бірлікті құрады. Өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтер көлемі 7,8 %-ға ұлғайып, 87,5 миллиард теңгені құрады, бұл ретте бюджетке төленетін төлемдер 30,5 миллиард теңгені құрады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық: 2023 жылдың 9 айында құрылыс жұмыстарының көлемі 42,3 миллиард теңгені құрады, оның ішінде 216,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Білім беру: 2023 жылы ауданның білім беру жүйесін қаржыландыруға 47,8 миллиард теңге бөлінді, оның ішінде материалдық-техникалық базаны нығайтуға – 21,6 миллион теңге. 2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 201 балабақша мен 3 шағын орталық жұмыс істейді, барлығы 13960 бала мектепке дейінгі біліммен қамтылған. 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту – 92,2 %. Компьютерлік техникамен қамтамасыз ету орта есеппен – 1 компьютерге 6,8 оқушы ( облыс бойынша 1 компьютерге 5 оқушы).

Денсаулық сақтау: аудан тұрғындарына медициналық көмекті 36 медициналық мекеме көрсетеді, оның ішінде 1 ауданаралық көпсалалы аурухана, 1 ауылдық аурухана, 18 дәрігерлік амбулатория, 2 алғашқы медициналық-санитариялық көмек орталығы, 14 фельдшерлік-акушерлік және медициналық пункт.

Қоғамдық қауіпсіздік: 2039 қылмыс тіркелді, 4,7 %-ға төмендеді. Жол-көлік оқиғаларының саны – 238 (2022 жылы – 398), онда 50 адам қаза тапты (2022 жылы – 42 адам), 286 адам жараланды (2022 жылы – 538 адам). Қылмыстарды ашу деңгейі төмендеп, 31,9 %-ды құрады (2022 жылы – 38,7 %).

## **Талғар ауданы**

Аудан аумағы 360 мың гектарды құрайды және 1 қаланы, 10 ауылдық округті, 48 елді мекенді қамтиды. 2023 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша халық саны 244,1 мың адамды немесе облыс халқының 16 %-ын құрады (Алматы облысы – 1522,2 мың адам), 2023 жылдың басымен салыстырғанда 4094 адамға (240 мың адам) артты. Әкімшілік орталығы – Талғар қаласы, 2023 жылдың басында халық саны 50476 адамды құрады.

Әлеуметтік статистика: 2023 жылы жұмыссыздықтың жалпы деңгейі 4,6 %-ды құрады, бұл ретте қаңтар-қыркүйекте 6457 жаңа жұмыс орны құрылды. 2023 жылғы қаңтар-қыркүйектегі орташа айлық жалақы 307,7 мың теңгені құрады.

Өнеркәсіп: 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте өнеркәсіп өндірісінің көлемі 64,5 миллиард теңгені, негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 64,4 миллиард теңгені құрады.

Ауыл шаруашылығы: 2023 жылғы қаңтар – қазан кезеңінде ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 47,7 миллиард теңгені құрады (НКИ – 100 %). Есепті кезеңде 10,5 мың тонна ет немесе 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 105,5 %, сүт – 58,9 мың тонна (101 %), жұмыртқа – 25,1 миллион дана (90,5 %) өндірілді. Ірі қара мал басы 1,9 %-ға өсіммен 44,3 мың басты, жылқы 6 %-ға өсіммен 9,1 мың басты, құс 13,4 %-ға өсіммен 253,9 мың басты, қой мен ешкі 4,3 %-ға кемімен 95 мың басты құрады.

Кәсіпкерлік және бизнес: 2023 жылдың қыркүйек айының соңында жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны 20,8 %-ға артып, 20935 бірлікті құрады. Өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтер көлемі 1,4 %-ға ұлғайып, 52,4 миллиард теңгені құрады, бұл ретте бюджетке төленетін төлемдер 30,2 миллиард теңгені құрады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық: ағымдағы жылдың 9 айында құрылыс жұмыстарының көлемі 17,1 миллиард теңгені (НКИ – 63,5 %) құрады, оның ішінде 206,7 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Білім беру: 2023 жылы ауданның білім беру жүйесін қаржыландыруға 42 миллиард теңге бөлінді, оның ішінде материалдық-техникалық базаны нығайтуға – 55,6 миллион теңге. 2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 201 балабақша мен 2 шағын орталық жұмыс істейді, барлығы 16171 бала мектепке дейінгі біліммен қамтылған. 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту – 91,9 %. Компьютерлік техникамен қамтамасыз ету орта есеппен – 1 компьютерге 3,7 оқушы (облыс бойынша 1 компьютерге 5 оқушы).

Денсаулық сақтау: аудан тұрғындарына медициналық көмекті 39 медициналық мекеме көрсетеді, оның ішінде 1 орталық аудандық аурухана, 2 ауылдық аурухана, 12 дәрігерлік амбулатория, 20 фельдшерлік-акушерлік және медициналық пункт және 4 басқа ұйым.

Қоғамдық қауіпсіздік: 4,6 %-ға өсіммен 1637 қылмыс тіркелді. Жол-көлік оқиғаларының саны – 164 (2022 жылы – 249), онда 34 адам қаза тапты (2022 жылы – 39 адам), 167 адам жараланды (2022 жылы – 332 адам). Қылмыстарды ашу деңгейі төмендеп, 40,5 %-ды құрады (2022 жылы – 54,1 %).

### **Алматы агломерациясының сын-қатерлері және даму әлеуеті**

Урбанизация және халық санының өсу процестері ірі қалалардың агломерацияға айналуының негізгі себептері болып табылады. Өз кезегінде бұл себептер қаланың экономикалық тартымдылығы, дамыған білім және ғылым институттары ( университеттер, колледждер, зерттеу орталықтары), мәдени және әлеуметтік даму, сондай-ақ дамыған бизнес-орта (жұмыс орындары) сияқты факторлармен байланысты. Агломерацияға айналған басқа да ірі қалалар сияқты Алматының өз сын-қатерлері бар.

Алматы қаласын агломерацияға айналдырудың драйвері болған маңызды сын-қатерлердің бірі жоғары көші-қон болып табылады. Өңірдегі

элеуметтік-экономикалық белсенділіктің орталығы бола отырып, Алматы қаласы жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындары үшін магнит (тарту орталығы) болды. Күн сайын қалаға қоғамдық көлікпен

150 мыңға жуық адам және 230 мыңға жуық жеке көлік кіреді. Нәтижесінде Алматы қаласының айналасында Алматы агломерациясы қалыптасты. Осыған байланысты қала тұрғындарының нақты саны өсуде. Соңғы жылдары көші-қон есебінен халықтың өсуі шамамен 60 %-ды, ал табиғи өсім есебінен – 40 %-ды құрады. 2012 – 2022 жылдар аралығында Алматы қаласына тұрақты тұруға 600 мыңға жуық адам келді, ал оның шегінен тыс жерлерге 315 мыңға жуық адам шықты, көші-қонның оң сальдосы – 285 мыңға жуық адам.

Білім беру саласының инфрақұрылымын дамыту проблемалары: маятниктік көші-қонның бақыланбауынан балабақшаларға, мектептерге, білім беру мекемелеріне жоғары жүктеме түседі. Қазіргі уақытта балаларды біліммен қамтамасыз ету үшін қаланың қала маңындағы бөлігінде үш ауысымда оқыту қолданылады. Қазіргі уақытта қала маңындағы аумақтарда үш ауысымда оқытатын мектептер саны 42 бірлікті құрайды. Алайда мұндай шешім білім беру сапасының төмендеуіне, мекеменің педагогикалық құрамына жоғары жүктеме түсуіне әкеледі. Осы міндеттерді шешуге кешенді түрде келіп, қолданыстағы объектілерді жаңарту, қосымша білім беру объектілерін салу, мамандар даярлау, сондай-ақ балаларды біліммен толық қамтуды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау қажет.

Денсаулық сақтау және элеуметтік қызмет көрсету саласының инфрақұрылымын дамыту проблемалары: агломерация аумағында барлық ел халқының 16,8 %-ы тұрады (салыстыру ретінде: елордада барлық халықтың 7 %-ы тұрады). Халықтың салыстырмалы түрде жоғары тығыздығынан басқа, 2019 жылдан бастап елде сырқаттанушылық деңгейі артып келеді, осыған байланысты денсаулық сақтау объектілеріне жоғары және шамадан тыс жүктеме түсуде.

Дене шынықтыру мен спортты дамыту проблемалары: спорт мәдениетін дамыту, оның ішінде материалдық-техникалық инфрақұрылымды құру, білікті жаттықтырушыларды, дәрігерлер мен психологтарды, спорт нұсқаушылары мен әдіскерлерін, ата-аналар мен еріктілерді тегін негізде тарту, сондай-ақ тақырыптық, жарыстық, оқу-танымдық және фестивальдік іс-шараларды өткізу элеуметтенуді арттыруға, денсаулықты жақсартуға, нәтижелерге қол жеткізуге, сондай-ақ жаңа құзыреттерге ие болуға әкеледі. Бұл ретте қазіргі уақытта облыста халықты спорттық инфрақұрылыммен қамту 39,6 %-ды құрайды. Қонаев қаласында 4 олимпиадалық резервтегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі (ОРБЖСМ), 1 облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебі (ОЖСШМ), 1 олимпиадалық резервті даярлау орталығы (ОРДО), 1 спортты дамыту дирекциясы (СДД) және Алматы облысының дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спортты дамыту дирекциясы жұмыс істейді. Жоғарыда аталған спорт ұйымдарының 7-і жалдау негізінде жұмыс істейді. Бұл

ретте осы ұйымдарда айналысатын балалар саны 6418 баланы құрайды, бұл ғимараттардың тапшылығына алып келеді. Агломерация тізбесіне кіретін аудандарда спорттық инфрақұрылым жоқ (ерекшеліктер: жалпы білім беретін мекемелердегі спорт залдары). Халықты қамтуды арттыру және балалардың бұқаралық спорт түрлеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында спорт объектілерін салу жоспарлануда.

Жол-көлік жүйесін дамыту проблемалары: жүк автокөлігінің транзиттік ағыны – қала ішіндегі жолдарға, сол сияқты кіру/шығу жолдарына түсетін жоғары жүктеме себептерінің бірі. Күн сайын Алматы қаласының көшелері арқылы 15 мыңға жуық ауыр жүк көліктері өтеді. Қала шегіндегі кейбір бұрынғы өндірістік аумақтар қоймалар мен терминалдар үшін пайдаланыла бастағандықтан, сыртқы автокөлік бұл учаскелерді жүк әкелу-әкету базасы ретінде пайдаланады. Қаланың өтпелі көшелеріндегі транзиттік жүк көлігі жол кеңістігін алып жатады, қоғамдық көліктің қозғалысына кедергі келтіреді және пайдаланылған газдардың көлемін арттырады. Алматы қаласы мен Алматы облысының қолданыстағы көлік жүйелері мынадай проблемалармен сипатталады:

- 1) агломерациядағы көлік жүйесін басқарудың бытыраңқылығы;
- 2) магистральдық жолдарды реконструкциялау қажеттілігі;
- 3) рельсті көлік;
- 4) қала маңындағы қоғамдық көлік проблемалары;
- 5) қала маңындағы және қалалық қоғамдық көліктердің байланысы.

Алматыда 7 негізгі кіру магистралі бар, оның ішінде: 5 республикалық маңызы бар жол (Талғар трактісі, Құлжа трактісі, Алматы – Қонаев, Алматы – Бішкек трассалары, жоғарғы "қаскелеңдік" трассасы), 2 облыстық маңызы бар жол (Боралдай трассасы – Шамалған станциясы, Іле трактісі). Қазіргі уақытта Алматының магистральдық жолдары өткізу қабілеттілігінің шегіне жетті.

Олардың ішінде негізгі көліктік кіру бағдарлары – Бішкек, Қонаев қалаларына апаратын трассалар және Құлжа трактісі, олардың әрқайсысы күн сайын 40 мыңға жуық, жиынтығында 120 мыңға жуық көлік өткізеді. Яғни, іс жүзіндегі трафик – 230 мың машина – өткізу мүмкіндігінен едәуір асып түседі. Бұл ретте ағымдағы жүктемені ғана емес, сонымен қатар полиорталықтардың дамуын және агломерацияның одан әрі урбанизациясын ескере отырып, перспективалық жүктемені де ескеру қажет.

Қала мен облыс үшін агломерация шеңберіндегі көліктік интеграция өте маңызды. Қала мен облыстың өзара байланысы тұрғын үй, әлеуметтік, инженерлік, көлік инфрақұрылымы құрылысын дамыту жоспарлары мен экологиялық күн тәртібін үндестіру қажеттігін белгілейді. Осындай синхрондауды және қала мен агломерацияны теңгерімді дамытуды Алматы агломерациясын дамытудың кешенді жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар) қамтамасыз етуге арналған. Кешенді жоспарды қабылдау агломерация қалдықтарын басқарудағы үйлестіруді жақсартуға, сондай-ақ интеграцияланған көлік жүйесін құруға кірісуге мүмкіндік береді.

Инженерлік инфрақұрылымды дамыту проблемалары: сумен жабдықтау және су бұру желілері, жылумен жабдықтау желілері, газбен жабдықтау желілері

Өңірдегі инженерлік желілердің тозуы азаматтар мен бизнес үшін қолайлы жағдай жасаудағы басты кедергі болып табылады. Тұрмыстық қалдықтар көлемінің ұлғаюы және кәдеге жарату проблемалары экологиялық проблемаларға алып келеді және халыққа қолайсыздықтар туғызады. Электр энергиясының жетіспеушілігі, электр қуатының үзілуі, сондай-ақ ескірген энергетикалық инфрақұрылым өңірдің жұмыс істеу сапасына әсер етеді, бұл жаһандық даму қарқынына мүлдем сәйкес келмейді. Жылумен жабдықтау және газбен жабдықтау желілерінің тозуы жоғалтымдарды, бұзылуларды және шығындарды тудыруы мүмкін, бұл ресурстарды тиімсіз пайдалануға және пайдалану шығындарын арттыруға әкеледі.

Бүгінгі таңда кәріздік тазарту құрылыстарының тозу проблемасы 60-80 %-ды құрайды, сондықтан Кешенді жоспарда кәріздік тазарту құрылыстарын реконструкциялау көзделген, бұл тозуды толығымен жоюға мүмкіндік береді. Қала сыртындағы коллекторлардың тозуы 100 %-ды құрайды, коллекторларды реконструкциялау тозуды толығымен жоюға, ал жаңа коллекторды іске қосу Наурызбай және Алатау аудандарын қоса алғанда, тұрғындарды орталықтандырылған су бұрумен қамтуды 2030 жылға қарай 95 %-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Экологиялық орнықтылық және қауіпсіздікті қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың алдын алу: агломерация халқы үшін маңызды мәселелердің бірі ауаның жоғары ластану проблемасы болып табылады. Ластанудың негізгі себептері қала автопаркінің ескі құрамы, жылу-энергетикалық кешендер (ЖЭО-2, 3), газдандырылмаған үйлер мен Алматы қаласының және Алматы агломерациясының саяжай массивтері, ірі өндірістік кәсіпорындар, қаланың төмен желдетілуіне әкеп соқтыратын тығыздаушы нүктелік құрылыс болып табылады. Алматы қаласы мен агломерацияның әуе бассейнінің ластану деңгейін төмендету мақсатында дизельді автобустарды газға және электр тартымына ауыстыру арқылы қоғамдық жолаушылар тасымалын экологияландыру жөніндегі іс-шаралар іске асырылатын болады, бұл шығарындыларды жылына 2 мың тоннаға төмендетуге мүмкіндік береді.

Алматы агломерациясын еларалық және экономикалық байланыстар жүйесіне интеграцияланған, экономикасы бәсекеге қабілетті, өмір сүру мен қоршаған ортасының сапасы жоғары көпфункционалды өңір ретінде дамыту Кешенді жоспардың мақсаты болып табылады.

Кешенді жоспардың мақсатына қол жеткізу үшін мынадай міндеттер қойылды:

осы Кешенді жоспардың іс-шараларын іске асыру арқылы агломерацияның әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету;

агломерацияның инфрақұрылымдық дамуын қамтамасыз ету;

агломерацияның жол-көлік жүйесін дамытуды қамтамасыз ету;

агломерация аумағында экологиялық орнықтылық пен қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Жалпы кешенді жоспар Алматы агломерациясын жан-жақты дамытуды көздейді және республикалық, жергілікті бюджеттер шеңберінде және жеке инвестициялар есебінен қаржыландырылатын 130 ұйымдастыру және іске асыру іс-шарасынан тұрады.

Р/с №	Атауы	Аяқталу нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көлемі, миллион теңге*	Қаржыландыру көздері
-------	-------	----------------	-----------------	----------------------	-------------------------------------	----------------------

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

1-бағыт. Білім беру саласының инфрақұрылымын дамыту

Күтілетін нәтиже: агломерацияның қала маңындағы бөлігінде орналасқан, үш ауысымда оқытатын мектептердің үлесін 2028 жылға қарай 0 %-ға дейін төмендету (2023 жылы үш ауысымда оқытатын мектептердің үлесі 25 %-ды немесе 26 мектепті құрады)

Алматы облысы

1	Іле (Байсерке, Жаңадәуір, Жауғашты, Чапаев, Қоянқұс ауылдары), Қарасай (Қаскелең қаласы, Іргелі, Жаңатұрмыс, Шамалған, Исаев, Райымбек, Мерей, Қаратөбе, Құмарал, Көлді ауылдары), Талғар (Талдыбұлақ, Белбұлақ, Бесағаш, Гүлдала, Жаңа Қуат, Тұздыбастау ауылдары) аудандарында 21 мектеп салу (2027 жылы – 11 мектеп, 2028 жылы – 10 мектеп)	объектіні пайдалануға қабылдау (актісі	2027 жылғы IV тоқсан	ОМ, Алматы облысының әкімдігі	59 939	РБ
					6 250	ЖБ
					51 192	РБ
			2028 жылғы IV тоқсан		6 250	ЖБ

2	Қарасай, Еңбекшіқазақ, Іле, Талғар аудандарында қосымша білім беруді дамыту бойынша 4 заманауи орталық салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Алматы облысының әкімдігі	2 500	ЖБ
			2026 жылғы IV тоқсан		2 500	ЖБ
			2027 жылғы IV тоқсан		2 500	ЖБ
			2028 жылғы IV тоқсан		2 500	ЖБ
3	Еңбекшіқазақ ауданының Есік қаласында 250 орындық жыл бойғы заманауи оқу-сауықтыр у лагерін салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Алматы облысының әкімдігі	7 000	БК
4	Талғар, Еңбекшіқазақ аудандарында және Алматы қаласында жатақханалар салу (Талғар политехникал ық колледжі, Есік гуманитарлық - экономикалы қ колледжі және облыстық сервис және тамақтандыру саласындағы инновациялы қ технологияла р колледжі)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Алматы облысының әкімдігі	1 093,2	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		1 200	
			2026 жылғы IV тоқсан		1 141,3	

2-бағыт. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету саласының инфрақұрылымын дамыту

Күтілетін нәтижелер:

- 1) халықтың 1000 адамына шаққанда жалпы өлім-жітімді 5,72 промилге дейін төмендету (2023 жылы – 6,8 промил);
- 2) скринингтік бағдарламалармен қамтуды ұлғайту арқылы қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітімді 0,5 %-ға (2023 жылы – 100 мың халыққа 146,4), онкологиялық аурулардан 0,1 %-ға төмендету (2023 жылы – 100 мың халыққа 49,0);
- 3) тірі туылған 1000 балаға шаққанда нәресте өлім-жітімін 7,5 промилге дейін төмендету (2023 жылы – 8,2 промил).

Алматы қаласы

5	Түрксіб ауданында Алматы теміржол ауруханасын реконструкциялау және салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Алматы қаласының әкімдігі	74	ЖБ
			2026 жылғы IV тоқсан		28 000	
6	Алатау ауданында перинаталдық орталығы 200 төсекке арналған 300 төсектік көп бейінді аурухана салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	ДСМ, Алматы қаласының әкімдігі	450	ЖБ
			2026 жылғы IV тоқсан		5 965	РБ
			2027 жылғы IV тоқсан		13 000	ЖБ
			2028 жылғы IV тоқсан		20 000	РБ
7	Алатау ауданында онкологиялық орталығы және 350 адам қабылдайтын емханасы бар 250 төсектік көпбейінді аурухана салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	ДСМ, Алматы қаласының әкімдігі	160	ЖБ
			2026 жылғы IV тоқсан		4 665	РБ
			2027 жылғы IV тоқсан		10 000	ЖБ
			2028 жылғы IV тоқсан		10 000	РБ
8	Алатау ауданындағы "Саялы" шағын ауданы мекенжайы бойынша 200 орындық отбасылық-дәрігерлік амбулатория салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	ҰЭМ, Алматы қаласының әкімдігі	868,2	РБ
					1 976,6	ЖБ
9	Түрксіб ауданында Айбасов көшесі, 28-үй мекенжайы бойынша ауысымда 200 адам қабылдайтын отбасылық-дәрігерлік амбулатория салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	ҰЭМ, Алматы қаласының әкімдігі	248,1	РБ
					933,6	ЖБ



## Алматы облысы

10	24 денсаулық сақтау объектісін: 15 дәрігерлік амбулатория ( Қарасай ауданының Үштерек, Абай, Шалқар, Ұлан, Бұлақты, Қараой ауылдары, Іле ауданының Жаңадәуір, Байсерке, Междуреченск, Жәпек батыр, Ынтымак, Покровка, Казцик, Комсомол, Чапаев ауылдары); 8 емхана ( Талғар ауданының Тұздыбастау, Бесағаш, Қызылқайрат, Белбұлақ, Кеңдала, Панфилов, Гүлдала, Қызылту ауылдары); 1 ФАП (Іле ауданының Көкқайнар ауылы) салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Алматы облысының әкімдігі	6 187,3	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		18 315,3	
			2026 жылғы IV тоқсан		18 517,9	
			2027 жылғы IV тоқсан		18 517,9	
			2028 жылғы IV тоқсан		18 517,9	
11	Іле ауданы Қоянқұс ауылында бір ауысымда 250 адам қабылдайтын емхана салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2027 жылғы IV тоқсан	ДСМ, Алматы облысының әкімдігі	1 125	РБ
					125	ЖБ
			2028 жылғы IV тоқсан		1 125	РБ
					125	ЖБ
	Қарасай ауданының Шамалған станциясында	объектіні пайдалануға	2027 жылғы IV тоқсан		1 125	РБ
					125	ЖБ
					1 125	РБ

12	ауысымда 300 адам қабылдайтын емхана салу	қабылдау актісі	2028 жылғы IV тоқсан	ДСМ, Алматы облысының әкімдігі	125	ЖБ
13	Іле ауданының Өтеген батыр ауылында перзентхана салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Алматы облысының әкімдігі	8 500	БК
14	Қарасай ауданының Қаскелең қаласында ауысымда 500 адам қабылдайтын емханасы бар 200 төсектік көпбейінді аурухана салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2026 жылғы IV тоқсан	ДСМ, Алматы облысының әкімдігі	147,9	ЖБ
			2027 жылғы IV тоқсан		3 451	РБ
					345,1	ЖБ
			2028 жылғы IV тоқсан		1 479	РБ
					500	ЖБ

3-бағыт. Дене шынықтыру мен спортты дамыту

Күтілетін нәтижелер:

- 1) біржолғы өткізу қабілетін тұрақты негізде спортпен шұғылданатын 1 500 балаға дейін ұлғайту;
- 2) халықтың мәдениет объектілерімен қамтамасыз етілуін 19,1 %-ға немесе 129 объектіге дейін ұлғайту, 2023 жылы қамтамасыз етілу 16,5 %-ды немесе 119 объектіні құрады;
- 3) 2028 жылға қарай мәдениет үйлеріне баруды 1,6 миллион адамға дейін ұлғайту (2023 жылы – 1,3 миллион адам).

Алматы облысы

	Ауылдық 10 мәдениет үйі мен клубтарын салу және реконструкциялау: 2027 жылы – 8 объекті (Қарасай ауданы Әйтей, Жібек жолы, Абай, Жандосов ауылдарының мәдениет үйлері, Іле ауданы Байсерке, Казцик ауылдарының мәдениет үйлері), 2028		2027 жылғы IV тоқсан		4 400	РБ
					2 000	ЖБ
					4 500	РБ
						ЖБ

15	<p>жылы – 2 объекті (Іле ауданы Жәпек батыр ауылының, Талғар ауданы Талдыбұлақ, Қызылту ауылдарының , Қарасай ауданы Жаңатұрмыс ауылының мәдениет үйлері)</p>	<p>объектіні пайдалануға қабылдау актісі</p>	<p>2028 жылғы IV тоқсан</p>	<p>ҰӘМ, Алматы облысының әкімдігі</p>	<p>1 800</p>	
	<p>7 спорт объектісін салу (Іле ауданының Байсерке, Чапаев, Казцик ауылдары, Қарасай ауданындағы Тұрар ауылы, Талғар ауданының Кеңдала, Қызылқайрат ауылдары, Қонаев қалалық әкімшілігінде</p>	<p>объектіні пайдалануға</p>	<p>2027 жылғы IV тоқсан</p>	<p>ҰӘМ, Алматы</p>	<p>5 950 652,3 4 150</p>	<p>РБ ЖБ РБ</p>

16	гі Заречный ауылы)	кабылдау актісі	2028 жылғы IV тоқсан	облысының әкімдігі	550	ЖБ
4-бағыт. Жол-көлік жүйесін дамыту						
Күтілетін нәтижелер:						
1) көше-жол желісі жүктемесінің деңгейін:						
– 2024 жылға дейін қаланың солтүстік-батыс бөлігінде 15 %-ға;						
– 2027 жылға дейін қаланың батыс бөлігінде 10 %-ға;						
– 2027 жылға дейін қаланың солтүстік бөлігінде 10 %-ға;						
– 2026 жылға дейін қаланың орталық бөлігінде 10 %-ға;						
– 2028 жылға дейін қаланың шығыс бөлігінде 10 %-ға;						
– 2028 жылға дейін қаланың солтүстік-шығыс бөлігінде 10 %-ға төмендету;						
2) 2027 жылға дейін көшелер мен даңғылдардағы (Рысқұлов, Абай, Райымбек даңғылдары, Тілендиев, Северное кольцо, Хмельницкий көшелері) өткізу қабілетін 15 %-ға ұлғайту;						
3) отынның экологиялық түріндегі қоғамдық көлік үлесін 2024 жылдың соңына дейін 62 %-ға дейін ұлғайту (2023 жылы – 52,9 %);						
4) жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының үлесін 2024 жылы 92 %-ға дейін, 2025 жылы 95 %-ға дейін ұлғайту.						
Алматы қаласы						
17	Алматы қаласының кешенді көлік схемасын әзірлеу, оның ішінде Алматы агломерациясының аумағында көлік моделін әзірлеу	орындалған жұмыстар актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Алматы қаласының және Алматы облысының әкімдіктері	909	ЖБ
18	Төле би көшесін Яссауи көшесінен Әшімов көшесіне дейін ұзартып салу, ұзындығы 2,2 километр (1 учаске, ішкі магистральдық жолдар)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	КМ, Алматы қаласының әкімдігі	616 3 392,5	ЖБ РБ
	Төле би көшесін Әшімов көшесінен қала шекарасына		2024 жылғы IV тоқсан		500	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		320	ЖБ
						1 761,1

19	дейін ұзартып салу, ұзындығы 2,3 километр (2 учаске, ішкі магистральдық жолдар)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2026 жылғы IV тоқсан	ҚМ, Алматы қаласының әкімдігі	735	РБ
20	Рысқұлов даңғылын Оңғарсынова көшесінен қала шекарасына дейін ұзартып салу, ұзындығы 2,3 километр (радиалды жолдар)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	ҚМ, Алматы қаласының әкімдігі	345	ЖБ
					3 798,7	РБ
					345	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		2 000	РБ
21	Абай даңғылын Қалқаман шағын ауданындағы Әшімов көшесінен қала шекарасына дейін ұзартып салу, ұзындығы 0,6 километр (1 учаске, радиалды жолдар)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	ҚМ, Алматы қаласының әкімдігі	4 074	ЖБ
						1 249
	Жұбанов көшесін Момышұлы көшесінен қала шекарасына дейін ұзартып салу, ұзындығы 1,2 километр. 1-кезек қала шекарасынан (Алатау даңғылына дейін Карьерная	объектіні	2024 жылғы IV тоқсан		50	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		100	
			2026 жылғы IV тоқсан		200	
			2026 жылғы IV тоқсан		1 500	
			2027 жылғы IV тоқсан		1 650	

22	көшесі, ішкі магистральдық жолдар)	пайдалануға қабылдау актісі		ҚМ, Алматы қаласының әкімдігі		РБ
23	Жұбанов көшесін Момышұлы көшесінен қала шекарасына дейін ұзартып салу. 2-кезек Момышұлы көшесінен Бегалиев көшесіне дейін, ұзындығы 2,7 километр (ішкі магистральдық жолдар)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	ҚМ, Алматы қаласының әкімдігі	100	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		400	
			2026 жылғы IV тоқсан		350	
			2027 жылғы IV тоқсан		350	РБ
			2026 жылғы IV тоқсан		2 100	
			2027 жылғы IV тоқсан		3 513	
		2028 жылғы IV тоқсан	3 500			
24	Тілендиев көшесін Рысқұлов даңғылынан қала шекарасына дейін ұзартып салу, ұзындығы 10,5 километр (радиалды жолдар)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	ҚМ, Алматы қаласының әкімдігі	200	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		100	
			2026 жылғы IV тоқсан		600	
			2027 жылғы IV тоқсан		700	
			2028 жылғы IV тоқсан		446	РБ
			2027 жылғы IV тоқсан		5 482	
			2028 жылғы IV тоқсан		12 792	
25	Северное кольцо көшесін қала шекарасына дейін ұзартып салу,	объектіні пайдалануға	2024 жылғы IV тоқсан		380	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		708	

	ұзындығы 1,2 километр ( радиалды жолдар)	кабылдау (актісі)	2027 жылғы IV тоқсан	КМ, Алматы қаласының әкімдігі	3 076	РБ
			2028 жылғы IV тоқсан		7 177	
26	Мұқанов көшесін Райымбек даңғылынан Мақатаев көшесіне дейін ұзартып салу, ұзындығы 1,2 километр ( і ш к і магистральды қ жолдар)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	КМ, Алматы қаласының әкімдігі	400	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		157,6	
			2026 жылғы IV тоқсан		157,6	
			2027 жылғы IV тоқсан		150	РБ
			2028 жылғы IV тоқсан		2 234	
					5 213	
27	Райымбек даңғылын Жетісу көшесінен ШААЖ-ға дейін ұзартып салу, ұзындығы 2,6 километр ( і ш к і магистральды қ жолдар)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	КМ, Алматы қаласының әкімдігі	420	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		466	
			2026 жылғы IV тоқсан		320	
			2027 жылғы IV тоқсан		320	
			2028 жылғы IV тоқсан		320	
			2027 жылғы IV тоқсан		4 313	РБ
			2028 жылғы IV тоқсан		10 425	
